

FTAMP 16.31.51

**Т.Жанкулов**<sup>1</sup> (orcid - 0000-0001-8019-6055) – негізгі автор  
**Г.Бектлеуова**<sup>2</sup> (orcid - 0000-0001-6042-8963)

<sup>1</sup>философия ғылымдарының кандидаты, профессор,

<sup>2</sup>құқықтану магистрі, аға оқытушы

<sup>1,2</sup>М.Х.Дулату атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан  
e-mail: [bektleyova.85@mail.ru](mailto:bektleyova.85@mail.ru)

### М.ШОҚАЕВТЫҢ «ҚИЯЛИ» САЯСИ ӘРЕКЕТІ ТУРАЛЫ

**Андатпа.** Мақалада тарихи факторларды терең талдау жасай жастарға дұрыс бағыт отырып, өз ортасындағы саяси, әлеуметтік әрекеттерді дұрыс түсіне патриот, адал болып қалыптасуына қатысты мәселелерге аса мән берген.

Мақаланың өзегі ретінде «Алаш» қозғалысы, «Алаш» партиясының одан әрі «Алаш» үкіметінің құрылуы туралы сондай-ақ автор мақаласында Алаш үкіметінің құрылуы, алаш қозғалысы М.Шоқаевтың «қияли» саяси әрекеті туралы баяндалады. Оның атқарған істеріне қарай мұқият зерделеп шыққандығы аңғарылады.

Қазақ халқы бабалар аңсаған тәуелсіздігі айтылады. Осы бағыттағы саяси, қоғам, алаш қайраткерлерінің атқарған қызметі мен еңбегінің кейбір тұстары толық зерттеле қоймағандығы белгілі. Яғни өмір шындығы мен тарих шындығын баса айтуды көздегендігі мақаланың ғылыми жаңалығы болып саналады.

**Тірек сөздер:** қоғам, алаш, Қазақстан, тәуелсіздік, саясат, Азия халықтары, тарих, құқық.

*«Өткенді өзгертуге құдайдың құдіреті  
жетпегенде, тарихшылардың  
құдіреті жетіп-ақ жатыр»  
С.Батлер(ағылшын жазушысы).*

**Кіріспе.** Әрине, «тілде сүйек жоқ» болғандықтан адамдар оны оңды-солды сермей беретіндігін тарихтан білеміз. Тәуелсіздікке қол жеткізгендіктен кейін тіл еркіндігінің бойлап сала беретіндігі шындық. «Судың да сұрауы бар» дегендей, әр құбылыстың өлшемі мен шегі болады. Оны философияда объективтік шындық деп айтады. Былайша айтқанда, шындық (ақиқат) әр адамның еркіне қарай бұрмаланбайды, ол біреу-ақ болады. Мәселен, ғылымда, сот мәселесінде, адамдардың іс әрекетінде т.б. шындықтан (ақиқаттан) ешкім аттай алмаған. Ол не оңға, не солға бұрмаланбай, өзек іспеттес болып практикаға келіп бірақ тоқтайды, сондықтан да ол шындықтың критеріі деп аталады, осыған сәйкес әділетті шешім қабылданады. Бірақ қоғам өмірінде, әсіресе, саяси мәселелерді шешуде, әртүрлі себептермен шындықтың бұрмаланатындығы анық. Бұл жерде мүдде мен әділеттілік безбенге түскенде, мүдде үстем болып, әділеттіліктің жеңіліс тауып отыратын жерлері аз емес.

Мысалы, сайлау мәселесінде қанша әділеттілікті ашық айтып, «қара қылды қара қақ жарса» да, дауыс беру барысында рушылдық, жікшілік, жершілдік, жемқорлық араласып кейде жеңіп кетіп отырады. Мұндай мүддеге басымдық берген қоғамның дамуының барысы бұлыңғыр болмақ. Бірақ әділеттіліктің түбінде жеңіл шығатындығы ақиқат, мұны тарих сөресінен байқау қиын емес.

Қазақ халқының тарихында қиянат жасалынған мұндай жағдайлар аз болмаған. Патша үкіметінің әділетсіз жарлығына қарсы қарапайым халық 333 рет ұлт-азаттық көтерілісті бастан кешірген. Қоғамдағы қалыптасқан әділетсіз қиғаштықтарды әділетті демократиялық жолмен шешуді жақтаған алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұханбетов, Мұхаметжан Тынышпаев, Міржақып Дулатов тағы басқалары болды. Түптеп келгенде, ғасырларды ортаға салып қазақ халқы әділеттілік орнатып, ақиқат тәуелсіздігіне қол жеткізді.

Алаш қозғалысы. Алаш партиясының одан әрі Алаш үкіметінің құрылуымен ұласты. Бірақ ол баянды болмады. Дегенмен алаш қозғалысы бүкіл Орта Азия халықтарының ортақ идеясына ұласып, ондағы халықтардың автономиясын құру мемлекеттік идеясына айналып, бір ортақ мемлекет құрылымын іс жүзінде асыру күн тәртібінде тұрды. Демек, Орта Азия бір территориялық шатыр астына ұйысып орталықтандырылған автономиялық (Ресейдің құрамындағы) республика құруға қол созуы әділетті бастама еді. Бірақ сол кезде бұл құрылымды басқару статусы, оның жетекшілігі кімге жүктелетіндігі анықталмаған еді. Бұл мәселені әрі қарай қозғауды, пысықтауды өз инициативасымен Мұстафа Шоқаев қолына алды. Одан бұрын қазақ мемлекеттілігін (1822ж.) патша үкіметі сан ғасырдан бері қарай бері келе жатқан мемлекеттік статусы бар хандық басқаруды жойды. Оның орнына сұлтан, би, болыс статустарын т.б. енгізді.

Хандық статусы бар мемлекеттік басқаруды жою патша империясының ертеден келе жатқан стратегиялық саясаты еді [1, 215].

Осылай Қазақ мемлекеттілігінің өзегін ұсақтай отырып, түбінде қазақ ұлтын тарих бетінен өшіріп, территориясын орыс империясына қосып, қазақтарды Сібір халықтарындай ыдыратып, дінсіздендіріп перспективада орыстандыру мақсаты күн тәртібінде тұрды. Сөйтіп Ұлы қазақ даласының асты-үсті тұнып тұрған байлық болғандықтан оны, етене пайдалану орыстарға тән ежелгі ұлы державалық шовинистік идея еді.

**Зерттеудің шарттары мен әдістері.** Алаш қозғалысы, Алаш партиясының одан әрі Алаш үкіметінің құрылуымен ұласты. 1917ж. Ресейде билік В.Ленин бастаған большевиктердің қолына көшті. Ленин мен Сталин қазақ көсемдері құрған ұлттық мемлекетке дұшпандықпен қарады, барлық амалдар қолданып ақсатуға тырысты. Қысқасы, құрылымдарды қарулы күшпен таратты.

30-жылдары екінші жартысында дүниежүзілік соғыстың (1941ж.) лебі байқалды, 1933ж. Германияда Гитлер бастаған ұлтшылдар партиясы билік басына келді. Оның канцлерлік билігі Гитлердің қолына тиді.

Бірінші дүние жүзілік соғыста (1914-1918жж.) Германияның жеңіліс тапқанын арқау етіп, Гитлер неміс халқының намысын қайрап, Совет Одағын нысана етіп, ол «Шығысқа жорық» деп қатерлі ұран тастады. Бұл ұран социализмді «бесігінде» тұншықтырып өлтіру түпкілікті мақсатына айналған Ұлыбритания (У.Черчилль – премьер министр), АҚШ (Д.Рузвельт – президент) және т.б капиталистік елдердің ойынан шықты. Бұл ұран социализмді бесігінде тұншықтырып жоқ етіп жіберу капиталистік елдердің – Ұлыбританияның (У.Черчилль – Премьер министр), АҚШтың (Д.Рузвельт – президент) түпкілікті мақсаты еді. Былайша айтқанда, аталмыш ұран Совет Одағын қоршаған капиталистік елдердің ойынан шықты.

Совет Одағының басшысы И.Сталин Германия мен СССР-дің арасында соғыс қақтығысының болатынын, Германияны капиталистік елдердің қолдайтынын, Совет Одағының изоляцияда қалатынын жақсы түсінген ол

ертрек қамдануға мәжбүр болды. Сондықтан мына проблемаларды шешу кезек күттірмейтін мәселе еді:

1. Одақтың экономикалық, әскери, техникалық, потенциалы т.б. негізінен елдіңшығысында орналасқан еді. Енді тарихи жаңа реалдылыққа байланысты апарды, аса қиын болса да, Донбастан, Украинадан, Ленинградтан, Москвадан т.б. Орал мен Қазақстанға эвакуациялау жедел қолға алынды;

2. Техникасы, өндірісі тұралап артта қалған Ресейдің Германияға қарсы тұруға шамасы, қауқарыда жоқ еді. Тығырықтан шығудың жалғыз жолы -экономиканы ауыр индустриализация рельсіне бағыттау болды;

3. Ауыл шаруашылығында орақпен, күрекпен, кетпенмен т.б. тұратын еңбек құралдарынан тракторға, көшіп еңбек өнімділігін арттыру кезек күттірмейтін шұғыл шаруа тәртібіне енді.

Бұл енді елді коллективтендіруге көшіріп МТС (машина-тракторлы станциямен) қамтамасыз ету қажет болды. Бұлар елді тығырықтан шығаратын жалғыз жол еді. Жанталас басталды. Ал Германия одан әрі еселеніп күшейді. Әсіресе, дүниежүзілік (1914-1918жж.) соғыстан экономикасы қалжырап шыққан Ресейде халық наразылығы күшейіп шегіне жетті.

Император Николай II ел басқара алмайтын, қабілеті тапшы болып шықты (немқа әйелінің күйін күйттеп, оның төңірегінен шыға алмады). Император ел экономикасымен шұғылданудың орнына сарайдағы той думанның, түрлі өсектердің т.б. жағымсыз қылықтардың ортасында жүрді, нәтижесінде армияның жағдайы құрдымға кетті десе де болады.

Черчилль Гитлердің саяси пәрменінен тайсалып,И.Сталин бастаған Совет Одағының ыңғайына қарай ойысты. Мәселе мынада еді: Сталин көрегендікпен Германияға қарсы үштік Одақты (СССР, Англия, АҚШ) құруды ұсынды, нәтижесінде бұл идея қабылданды, ал Германия бастағанадақ, «ось» деп аталатынып, оған Германия, Жапония, Италия енді. Гитлердің Совет Одағын екі айдың ішінде тізе бүктіремін, дегені жай даурықпа сөз емес еді. Ол Совет-Герман шекарасына сақадай сай қаруланған 507 дивизиясы орналастырған-ды. Черчилль бастаған капиталистік лидерлер о бастан екі жүзділік танытып бақты. Ол бірде Гитлерді қолдаса, сырт ала бере Сталинді қолдады.

**Зерттеу нәтижелері.** Енді тақырыбымыздың өзегі болған М.Шоқайға оралайық. Әрине, адам «сенбейтін» Гитлер – Геббельстік насихат - пропагандасы Шоқайға әсер етпей қоймады. Ол да Гитлердің «жеңетініне» құдайдай сенді. Оның ойынша, нәтижесінде Қызыл Армия жеңіліс тауып, Совет карамағындағы автономиялық республикалардың жекелеп алып орталықтандырылған тәуелсіз мемлекет етуге жол ашылатындығына кәміл сенді. Әрине, бұл саясатта бұғанасы қатпаған М.Шоқайға әлсіз ғана үміт болды. Нәтижесінде ол неміс ұлтшылдарының қармағына өзі барып түскенін білмей де қалды. Бірақ, бұл әрекеті «қияли» болса да айтқанынан қайта қомайтын, арман жетелген Шоқай жіңішке жалғыз аяқ жолмен Европаға жол тартады. Білетін адамдардың айтуынша, Шоқай протоколсыз Вермахтың бір басшысымен кездесіп, ойындағы жоспарымен таныстырады. Қызыл Армияның соғыс барысында жеңілетіндігіне Вермахтың аталмыш «басшысын» сендіргенде болар. Сол үшін Шоқай «Түркістан легионы» атты әскери жасақты құруға көмектесуін өтінеді. «Келісім» алғаннан кейін, аталмыш жасақ Шоқайдың басшылығымен құрылады. Легион Вермахтың құрамында болып, Қызыл Армияға қарсы соғыс қимылдарына қатысуға

дайындалады. Бірақ дайындық үстінде, 1942 жылы М.Шоқайдың орынбасары оған у дәрі беріп өлтіреді. Мұның әртүрлі себептерінің болуы мүмкін: Біріншісі, немістердің оған сенімсіздік танытуы, екіншісі, ұлттық қауіпсіздік комитетінің (КГБ) жансыз тапсырысы, үшіншісі, аталмыш істің аты бар да, затының шамалы болуы. Бұл әрекеттің белгісі орта ғасыр геройы Дон Кихоттың жел диірменімен алысуының қандай утопиялық (іске аспайтын қиял – Т.Ж.) мәні болса, Шоқайдың Вермахтың басшысының біріне сенуі де сондай әсер қалдырса керек. Өйткені жалғыз ізбен келген белгісіз шығыс адамының ешқандай қай жағынан болса да қауқар салмағы жоқ еді. Немістің алып империясы үшін оның құндылығы мен қажеттігі жоқтың қасы болды.

Ал енді, мәселені уақыт тарапынан кері қайтарсақ, М.Шоқаевтың Қызыл Армия «жеңіліс табады» деп іштей жасаған қияли, жорамалы іс жүзіне асты делік. Гитлер аталмыш мәселені, өзінің жеңісінен кейін, былайша айтқанда, кейінгі атқарылатын жоспарын «Шығыс» деп атап, оның төрт бөліктен тұратындығын ертерек ойластырған:

1. Әлемнің астанасы Берлин деп аталады. Өйткені, Гитлердің ойынша, әлем оның ашса алақанында, жұмса жұдырығында болады деп есептеді. Онда 17 мың адам отыратын алып театр салынады, оған бойында арий қаны бар нәсілді немістер ғана кіре алады, ал қалғандары: нәсілі төмен ағылшындар, француздар, голландтар т.б тек арнайы рұқсатпен кіргізіледі.

2. Славяндар нәсілі маймылдан жоғары, адамдардан төмен болғандықтан кіруге хақы жоқ. Олар оқ-дәрі таусылғанша қырылады, ал олар жетпей қалған күнде мәңгі құлдыққа жегіледі,

3. Түрік тектес (қазақ, өзбек, түрік, әзербайжан, түркмен) халықтарды бір жерге жинап шоғырландырып, өртке орап күлін тыңайтқыш ретінде құнарсызданып кеткен Германия жеріне самолетпен сеуіп тасталынады.

4. Алып шаһар іспеттес Москва жермен жексен етіліп қиратылып орны үлкен көлге айналдырылады.

**Ғылыми нәтижелерді талқылау.** Нәтижесінде мың жылдық ғұмыр тарихы бар өркениеттіліктің ошағына айналған, архитектуралық әсем алып құрылыс Москва бір сәтте көлге айналмақ болды. Сонымен мың жылдық тарихы бар славян мемлекеті құрдымға кетіп тек тарих жадында сақталмақ. «Ось» деп атаған аталмыш жоспардың аясындағы Гитлердің әрекеті былай жалғаспақ еді: әлем оның етігінің астында қалмақ. «Мықтымын» деген Ұлыбритания империясы күйрейді, АҚШ өзі қол қусырып келіп алдыма жығылады, Қытай мен, Индияны баса көктеп өтемін. Нәтижесінде әлемнің әміршісі: жалғыз мен ғана болмақпын деп көкседі. Әрине, М.Шоқай Совет халқы ұлы Жеңіске жетіп, істің бұлай аяқталатынын жете түсініп ойламаған да болар. Оның бұл мәселеге үстірт келгенін, уағдаласқан Вермахтың басшысының да ісінің «қияли», әрі реалдылықтан алыс жатқанын байқамағаны да көрініп тұр. Сондықтан патриот Шоқайдың көп ұзамай өзінің утопиялық әрекетінің құрбаны болғанын байқау қиын емес. Мұндайда ұлы Карл Маркс, былай деді: «Әркім өзінің қолынан келетін іске ғана ұмтылуы керек»[2]. Бұған біздің қосарымыз, аталарымыздың: «адам белі көтере алатын шоқпарды ғана байлау керек» тәмсілі орынды болмақ.

С.Батлер айтқандай, бүгінде М.Шоқайдың «қияли» әрекетінің саяси астарында «Түркістан легионы» атты әскери құрылымда бір солдат болса да, осының өзі рейх-министрі Геббельс үшін әлемдік саяси мәні бар резонанс болғаны анық. Гитлер-Геббельс мұны өртке тиген дауылдай етіп көрсетіп

антигитлерлік Одақтың (АҚШ, Ұлыбритания, СССР) атына саяси моральдік көлеңке түсірді. Әрине, бұл кезеңде Совет Одағының тағдыры қыл үстінде тұр еді. СССР-дің басшысы Сталинге аталмыш жағымсыз резонанс оңай тимесе керек. Егер М.Шоқай қаза болмай тірі жүргенде оған отанын сатқан опасыз, деген айдар тағылып, тиісті жазасын алған болар еді. Қазір де бұл тағылған айыпты қолдан ақтауға бола қоймас.

**Қорытынды.** Бүгінде кейбір тарихшылар, журналистер тарихи факт болған «Түркістан легионын», М.Шоқайдың әрекетін ақтағысы келіп, шындықты айналып өтіп оған 11 метрлік (Қызыл Орда) ескерткіш орнатып та үлгерді. Оның Алаш Орда партиясының мүшесі болғандығын, шын мәніндегі патриот атанғанын, азаптанып Еуропаға (Германияға) жалғыз аяқтанып, шындық іздеп барғанын ешкім жоққа шығара алмаса керек. Бірақ оған «сатқын» деген айдар тағылды. Бұл да үлкен саясиқияли мазмұны бар болса да шындық.

Б.Самауил айтқандай, көптеген адамдарға, әсіресе жастарға қылмысты ақтай салудың қиын еместігін, бірақ тек қана жазушының ақтау мақсаты болса, оның болғанын байқау қиын емес. Олар қоғамның «тынысын» тек кеңейту үшін, кейбір тұлға танымалдығын арттыру үшін, билік жасанды шешім қабылдай салу мүмкін. Бірақ мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін кейбір тұлғалардың әрекеттерінің бұлтартпас түпнұсқасы Москва, Англия, Берлин тағы басқа кітапханаларында сақталатындығын естен шығармаған абзал.

Оның үстіне Геббольт жария еткен «Түркістан легионы» туралы құжаттың сақталуы да тарихи шындық болып есептелсе керек. Оның бергі жағында, тарихи сауатты жоғарғы деңгейдегі, демократиялық үрдісі қалыптасқан қоғам мұндай қиғаштықты қабылдаудан бас тартып жатса танданбауымыз керек.

Қорыта келе, қоғамдық сананың аталмыш көрінісін шынайы қолдау арқылы, біз әлемдік тарих сахнасында Қазақстанның рухани келбетін тереңдетуге септігімізді тигізсек керек. Бұл ұрпақ аманатын орындау болмақ. Ащы болса да шындықты айтудан жалықпау біздің басты мақсатымыз болғаны абзал. Тек объективтік ақиқат ғана тарих сүзгісінен өтсе керек.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Құламанова, З. Б. Момышұлы шығармашылығындағы топонимикалық атаулар [Мәтін]: Оқу құралы / З. Құламанова, Т. Жаңақұлов. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. – 344 бет. ISBN 978-601-291-261-6.
2. [?] / [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://www.youtube.com/watch?v=3g-4wyp3XOM>
3. [?] / [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://egemen.kz/article/232780-mustafa-shoqay-dgane-turkistan-legiony-maselesi>
4. [?] / «Алаш» қозғалысы. - Алматы, 2008. - 205 б.

*Мақала редакцияға 23.11.22 түсті.*

**Т. Жанкулов, Г. Бектлеуова**

*Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати, Тараз, Казахстан*

**О «МНИМОЙ» ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ М.ШОКАЕВА**

**Аннотация.** В статье он сделал глубокий анализ исторических факторов и уделил большое внимание вопросам, связанным с формированием патриотов и лояльных людей, приданием им правильного направления и осмыслению политической и общественной деятельности в их среде.

Суть статьи - о движении «Алаш», партии «Алаш» и создании правительства «Алаш». Видно, что он внимательно изучал свою работу.

Говорится о независимости казахского народа, к которой стремились его предки. Известно, что некоторые аспекты деятельности и деятельности политических, общественных и алашских деятелей в этом направлении до конца не изучены. То есть то, что статья направлена на то, чтобы подчеркнуть реальность жизни и истории, считается научной инновацией.

**Ключевые слова:** общество, алаш, Казахстан, независимость, политика, народы Азии, история, право.

**T. Zhankulov, G. Bektleuova**

*Taraz Regional University named after M. Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan*

#### **ON THE "IMAGINARY" POLITICAL ACTIVITY OF M. SHOKAEV**

**Abstract.** In the article, he made an in-depth analysis of historical factors and paid great attention to issues related to the formation of patriots and loyal people, giving them the right direction and understanding the political and social activities in their environment.

The core of the article is about the "Alash" movement, the "Alash" party, and the creation of the "Alash" government. It can be seen that he carefully studied his work.

It is said that the independence of the Kazakh people longed for by their ancestors. It is known that some aspects of the activities and works of political, social and Alash figures in this direction have not been fully studied. That is, the fact that the article aims to emphasize the reality of life and history is considered a scientific innovation.

**Keywords:** society, alash, Kazakhstan, independence, politics, the peoples of Asia, story, right.

#### **References**

1. Kulamanova, Z. Momişulı şığarmaşılığındağı toponimikalıq atawlar [Toponymic names in Momyshuly's work]. - Almaty: "Arys" publishing house, 2015. - 344 p
2. [?] / [Electronic resource]. - Availability mode: <https://www.youtube.com/watch?v=3g-4wyn3XOM>
3. [?] / [Electronic resource]. - Mode of access: <https://egemen.kz/article/232780-mustafa-shoqay-dgane-turkistan-legiony-maselesi>
4. [?] / «Алаш» qozğalı [ "Alash" movement]. - Almaty, 2008. - 205 p